

«Келісемін»

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары М.С. Куставлетова
«31» тамыз 2023 жыл

«Бекітемін»
«Хазірет ЖОББМ» директоры
И. Аманкелсин
« » тамыз 2023 жыл



Хазірет жалпы орта білім беретін мектебінің
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған 9 «Ә» сыныбының тәрбие жоспары

Сынып жетекшісі: **Рзабаева Қ.Е.**

2023-2024 оқу жылы.

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік

қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»

3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Қыркүйек айы

№	Сынып сағатының тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Мектеп- мейірім мекені	1-қыркүйек білім күні салтанатты жиын. Сынып сағаты	Сынып жетекші	01 . 09
2	Ахмет Байтұрсынұлының "Туған тілім, бабам тілі»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	08. 09
3	Отбасы өмір аясы	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15 .09
4	Драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 80 -жыл	Сынып сағаты	Сынып жетекші	22.09
5	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес	Сынып сағаты	Сынып жетекші	29.09

Қазан айы

№				
1	Қарттарын қадірлеген ,ел қадірлі.	Сынып сағаты	Сынып жетекші	06. 10
2	Ұстазыңды ұлықта			13. 10
3	Ақын жазушыШәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165-жыл	Сынып сағаты	Сынып жетекші	20 .10
4	Отанымыз - Қазақстан	Сынып сағаты	Сынып жетекші	27. 10

Қараша айы

1	Ұлы дала перзентімін (еңбегі адал жас өрен жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	10 . 11
2	Теңге тәуелсіздік келбеті	Сынып сағаты	Сынып жетекші	17 .11
3	Адам құқығы , бала құқығы	Сынып сағаты	Сынып жетекші	24 .11

Желтоқсан айы

1	Ғасырдың қасіретті індеті Ж ТҚБ	Дөңгелек стол	Сынып жетекші	01 .12
2	Мен - еріктімін		Сынып жетекші	08. 12
3	Жеңісімді тәуелсіздікке арнаймын	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15. 12
4	Отбасы тәрбие- негізі	Сынып сағаты	Сынып жетекші	22 .12

Қаңтар айы				
№	Сынып сағатының тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Туған өлке ақындарының шығармалары		Сынып жетекші	12 . 01
2	Мамандық менің болашағымның таңдауы	Сынып сағаты	Сынып жетекші	19. 01
3	Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері	Сынып сағаты	Сынып жетеші	26 .01
4				

Ақпан айы				
№	Сынып сағатының тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Кітап- жан азығы	Сынып сағаты	Сынып жетекші	02. 02
2	Әлеуметтік желіні дұрыс пайдалана білейік	Пікір талас		09 .02
3	Денсаулық және дұрыс тамақтану	Сынып сағаты	Сынып жетеші	16. 02
4	Отаншылдық және оның маңызы	Сынып сағаты	Сынып жетекші	23 .02

Наурыз айы				
№	Сынып сағатының тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Алдымен сүй ардақты ата- анаңды	Сынып сағаты	Сынып жетекші	01 .03
2	Дені сау ұрпақ, жарқын болашақ	Сынып сағаты	Сынып жетекші	08 .03
3	Ұлттық дәстүрлер	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15 .03

4				
Сәуір айы				
№				
1	Отбасы - рухани жаңғыру негізі	Сынып сағаты	Сынып жетекші	05. 04
2	Имандылық- тәрбие негізі	Сынып сағаты	Сынып жетекші	12 .04
3	Судағы қауіпсіздік	Сынып сағаты	Сынып жетекші	19 .04
4	Мектеп оқушыларының бөгде сайттарға(порно,синий кит т.бөз өмірін қиюға жетелейтін сайттарға,діни ланкестік ұйымдар сайттары) кірмеуін бақылау	Мәлімет беру	Сынып жетекші	26 .04
5				
Мамыр айы				
№				
1	Біріккен ұлттар туыстығы	Сынып сағаты	Сынып жетекші	03. 05
2	Жеңіс құрбандары	Сынып сағаты	Сынып жетекші	10. 05
3	Жеке кәсіп- пайдалы іс	Сынып сағаты	Сынып жетеші	17 .05
4	Қорытындылау			24 . 05